

## Қазіргі таңдағы қаржы пирамидасы және қарсы күрес жолдары

<b>ЖАРИЯЛАНДЫ</b> 04.05.2025	<b>ТІРЕК СӨЗДЕР</b> average income, economic development, financial literacy, financial pyramids, fraudulent schemes, material well-being, poverty, алаяқтық схемалар, бедность, кедейлік, қаржы пирамидалары, қаржылық сауаттылық, материалдық әл-ауқат, материальное благополучие, мошеннические схемы, орташа табыс, средний доход, финансовая грамотность, финансовые пирамиды, Экономикалық даму, экономическое развитие	<b>СІЛТЕМЕ</b> <a href="https://bilimger.kz/178728/">https://bilimger.kz/178728/</a>
---------------------------------	--	---

### **Парсахан Гүлбану Нұрмаханқызы**

*Ғылыми жетекші: Ф.ғ.к қауымдастырылған профессор Тулекова Гулжан Хажмуратовна*

*«Тұран» университеті*

УДК: 349.22:347.9

### **Аңдатпа**

Қаржы пирамидалары және алаяқтық схемалардың мақсаты соңғы жылдары сенгіш азаматтардан қайтарымызсыз қаражат алу кең таралғаны сонша, ол материалдық әл-ауқатқа нақты қауіп төндірді. Азаматтардың әл-ауқаты мен мемлекеттің экономикалық дамуы мақаламның негізгі ретінде талқыланады. Адамдардың өз жинақтарын қызметке салуға дайын болуының жаңа себептері жоғары пайда туралы уәдеге айырбас ретінде күмәнді ұйымдар құрылады. Автор белгілеген қаржылық сауаттылық деңгейінің төмендігі, қаржылық сауаттылықтың жоғары деңгейі сияқты өткір мәселелер кедейлік шегінен төмен өмір сүреді, орташа табыстың дұрыс есептелмеуі және ең төменгі күнкөріс деңгейін анықтайды. Ағымдағы жағдайды талдау негізінде статистикалық

дамыған шетел мемлекеттерінің статистикалық мәліметтері, ережелері мен тәжірибесі экономика бұл мәселелерді шешудің жолдары мен әдістерін ұсынады.

**Кілт сөздер:** қаржы пирамидалары, алаяқтық схемалар, материалдық әл-ауқат, экономикалық даму, қаржылық сауаттылық, кедейлік, орташа табыс.

### **Аннотация**

Финансовые пирамиды и мошеннические схемы с целью получения невозвратных денежных средств от доверчивых граждан за последние годы распространились настолько широко, что стали реальной угрозой материальному благополучию. В данной статье основное внимание уделяется благосостоянию граждан и экономическому развитию государства. Создаются сомнительные организации, предлагающие высокий доход в обмен на вложенные средства, что объясняется готовностью людей инвестировать свои сбережения. Автор выделяет такие острые проблемы, как низкий уровень финансовой грамотности, неправильный расчет среднего дохода, жизнь за чертой бедности и определение минимального прожиточного уровня. На основе текущего анализа рассматриваются статистические данные, правила и опыт экономически развитых зарубежных стран, предлагая пути и методы решения этих проблем.

**Ключевые слова:** финансовые пирамиды, мошеннические схемы, материальное благополучие, экономическое развитие, финансовая грамотность, бедность, средний доход.

### **Abstract**

In recent years, financial pyramids and fraudulent schemes aimed at extracting non-refundable funds from unsuspecting citizens have spread so widely that they pose a real threat to material well-being. This article focuses on the welfare of citizens and the economic development of the state. Dubious organizations are being created, offering high returns in exchange for invested funds, which is explained by people's willingness to invest their savings. The

author highlights pressing issues such as a low level of financial literacy, incorrect calculation of average income, living below the poverty line, and determining the minimum subsistence level. Based on current analysis, the article reviews statistical data, regulations, and the experience of economically developed foreign countries, offering solutions and methods to address these problems.

**Keywords:** financial pyramids, fraudulent schemes, material well-being, economic development, financial literacy, poverty, average income.

**Қысқашы.** Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп ата заңымыз Конституциямыздың 1-бабында көрсетілген. Осы заңға қарамастан мемлекетімізде көптеген алаяқтық іс-әрекет болып жатыр. Оның зардабын көріп жатқан қаржы пирамидаларының құрбандар саны күн санап өсуде. Біздің еліміз Қазақстанда соңғы жылдары дертке шалдыққандар саны күрт өскен алаяқтық және қаржылық пирамидалардың белсенділігі арттыруда. Бұл мәселе халықтың экономикалық әл-ауқаты туралы Президентіміз жолдауында бұл үрдісті атап өтті. Қазақстан халқына «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – еліміздің өркендеуінің берік негізі» Елбасы Қ. Тоқаев, осы келеңсіз құбылыстарға қарсы тұру үшін мемлекеттік шаралар кешенін қабылдау қажеттігін атап көрсетті. Қазіргі жаһандану дәуірінде цифрлық технологиялардың дамуы мен интернеттің кең таралуы адамдардың қаржы саласындағы әрекеттеріне де айтарлықтай өзгерістер енгізді. Соңғы жылдары халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігін пайдаланып, оңай және тез пайда табуға уәде беретін қаржы пирамидалары қоғамда кеңінен таралуда. Мұндай алаяқтық түрлері азаматтардың мүлкінен айрылуына, отбасылық және әлеуметтік шиеленістерге, тіпті адам өміріне қауіп төндіретін жағдайларға дейін алып келеді.

Қаржы пирамидаларының жаңа заманға бейімделіп, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, фейк инвестициялық платформалар арқылы

әрекет етуі – бұл құбылыстың күрделене түскенін көрсетеді. Бұл мәселенің өзектілігі Қазақстанда да артып келеді. Мемлекет тарапынан құқықтық реттеулер енгізіліп жатқанымен, халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығы жеткіліксіз болып отыр.

Мақалада қазіргі таңдағы қаржы пирамидаларының түрлері, олардың қоғамға тигізетін зардаптары мен олармен күрес жолдары жан-жақты қарастырылады.

**Негізгі бөлім.** Қылмыстық әрекеттің пайда болу тарихын зерттеу барысында негізделген «қаржы пирамидасы» принципіне сүйене отырып, бұл принцип, қаражатты тартуда және кейінгі төлемдерді жүзеге асыруда тұру жаңа қаржылық қарыздар арқылы ғана, көп ғасырлық тарихы бар және Францияда, Англияда, АҚШ-та, Ресейде және барлығында басқа елдерде жүзеге асырылды және осы елдерде бұл түрдегі алаяқтық бірдей сипаттамамен сипатталды.

Қазіргі уақыттағы алаяқтар мен қаржы пирамидаларын ұйымдастырушылар — IT саласының білікті мамандары, жақсы психологтар мен адамдардың эмоцияларын басқара алатын және адамдармен жақсы тіл табыса алатын сөзге шешен адамдар.

Ұйымдастырушы компаниялар қаржы пирамидасын құрады және оларды аса жоғары табыс табуға болатындығына сендіріп, аңғал адамдарды тартады. Өткен ғасырлардағы сияқты мұндай пирамиданың да схемасы — қаражатты жаңадан келгендер есебінен төлеу. Біраз пайда тапқан алғашқы салымшылар өздерінің орасан зор пайдаға қол жеткізгені туралы жаңалығымен бөліседі және оған өз туыстарын, таныстарын және достарын тарту арқылы аталған жобаны интернетте белсенді түрде жарнамалайды. Қазіргі кезде қаржы пирамидаларын құруда әлеуметтік желілер мен мессенджерлер маңызды рөл атқарады. Солардың бірі: онлайн табыстарға бәс тігу.

**Қаржы пирамидаларының қауіптілігі қандай және бизнестің бұл түрін жабу неге қиын?**

Жоғарыда айтылғандай, тұтынушыларға артық пайданы уәде ететін

көптеген компанияларда тұрақты заңды мекенжайы да, кез келген жолмен зиянкестердің ізіне түсуі мүмкін құжаттар жоқ. Мұндай инвестициялық схемалардың құрбандары құқық қорғау органдарына жүгініп, тіпті қаражатты салу фактісін дәлелдей алмайды, өйткені, әдетте, оларда ешқандай дәлел жоқ. Тергеу оң нәтижеге кепілдік бермейді: орнын өзгертетін елес компанияны ұстау ұзаққа созылатын және болашағы жоқ кәсіп. Адамдар «пайдалы инвестиция» үшін үйлері мен басқа да құнды мүліктерін сатуға мәжбүр болған жағдайлар бар — мұндай инвесторлар үшін «елестің» жабылуы туралы хабар нағыз соққы болды: осы жағдайда полиция бірнеше суицид фактісін тіркеді.

Қаржы пирамидасының айырмашылығы - оңай жолмен ақша табуға уәде береді. «Классикалық қаржы пирамидасы» - табыс алудың алаяқтық схемасы. Адамдарға өте жоғары пайыздық мөлшермен инвестициялау ұсынылады, сонымен қатар кепілдендірілген табыс береді және жобаға таныстарын белсенді тартуды сұрайды. Бірақ ескеру керек жайт, инвестициялық компанияның арты қаржылық пирамидаға айналуы мүмкін.

### **Алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қазақстан деңгейінде таралуы.**

Қазіргі таңда Қазақстанда қаржы пирамидалары мен алаяқтық әрекеттері халық арасында жиі кездесетін және өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл құбылыстар азаматтардың қаржылық сауатсыздығын, сенгіштігін және табысқа тез жетуге деген ұмтылысын пайдалана отырып жүзеге асады. Алаяқтар көбінесе әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы өз “жобаларын” жарнамалап, адамдарды оңай байып кетуге болады деген жалған уәделермен қызықтырады.

Алаяқтар негізінен халықтың әлеуметтік жағдайы төмен топтарына, жұмыссыз жүрген немесе қосымша табыс тапқысы келетін адамдарға бағытталады. Осындай адамдардың сенімін оңай жаулап алу үшін олар өздерін ірі компания өкілі, шетелдік инвестор немесе қаржы кеңесшісі ретінде таныстырады. Тіпті, кейбір жағдайларда бастапқыда аздаған

пайда көрсетіп, адамдарды сендіріп алған соң, олардың артынан туыстары мен таныстарын да тартып, схеманы кеңейтеді. Ал соңында жоба жабылып, барлық салымшылар ақшасыз қалады.

Қаржы пирамидаларының ерекшелігі – жүйеге үнемі жаңа адамдар тарту арқылы ескі салымшыларға табыс төлеу. Бұл схема шексіз жалғаса алмайды, өйткені жаңа адамдар тарту тоқтаған кезде пирамида күйреп, адамдар өз қаржыларынан айырылады. Мұндай алаяқтықтың түрлері күн сайын өзгеріп, жаңарып келеді. Бұрын қарапайым жүйелермен шектелсе, бүгінде “инвестициялық жоба”, “халықаралық стартап”, “жеке бизнеске үлестік қатысу” сынды атаулармен жасырылып, заңсыз әрекеттерін жүргізуде.

Эксклюзивті клубқа қатысу (мүшелік) – клубтар круиздер, ваучерлер, саяхаттар, бизнесті құру және жылжыту, маркетинг, инвестициялар, копирайтинг, сонымен қатар хиромантия, астрология, ақыл-ой тепе-теңдігін жақсарту, психология, нумерология, символдар, сиқыр және т.б. ұсынады.[5]

Біздің Қазақстан көптеп кездесетін қаржы пирамидасының жаңа түрі – «сабын көпіршігі» инвестициясы. Оның схемасы келесідей: Интернетте сізге жоғары табысты онлайн-жобаға инвестициялау ұсынылады. Қарапайым схемадан айырмашылығы сізге жаңа қатысушыларды тартудың қажеті жоқ, сізден белгілі бір соманы енгізу сұралады және жобаны іске қосқаннан кейін олар өте жоғары табысқа уәде береді. Алайда қомақты ақша жинаған соң ұйымдастырушылар жобаны жауып, ғайып болады [6]. Кейбір жағдайларда ірі сомалар тарту үшін алаяқтар болжамды дивидендтерді бір реттік төлем жасайды.

Азаматтар алаяқтардың үгіт-насихатына сеніп, олардың нұсқауымен телефондарына қашықтан басқару қосымшаларын орнатып, банктік құпия ақпараттарды өз еркімен жариялап жатады. Бұл – қаржылық сауатсыздықтың, құқықтық білімнің жетіспеушілігінің көрінісі.

Қазақстанда мұндай істердің көбеюіне интернеттің қолжетімділігі, әлеуметтік желілердегі бақылаудың әлсіздігі және халықтың қаржылық

сауаттылығының төмендігі әсер етіп отыр. Статистикалық деректерге сүйенсек, соңғы жылдары қаржы пирамидаларына алданған адамдар саны артып келеді. Бұл – алаңдатарлық жағдай.

Мемлекет бұл мәселемен күресу үшін заңнамалық өзгерістер енгізіп, алаяқтарға қылмыстық жауапкершілік тағайындады. 2022 жылы Қылмыстық кодекске қаржы пирамидасын ұйымдастырғаны және жарнамалағаны үшін арнайы баптар қосылды. Сонымен қатар, алаяқтардың әрекетін тоқтату мақсатында түрлі веб-сайттар мен мессенджер топтары бұғатталып, жалған компаниялардың жұмысы тоқтатылды.

Дегенмен, бұл тек уақытша шаралар ғана. Мұндай әрекеттермен күрестің ең тиімді жолы – халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыру. Әр азамат инвестиция жасамас бұрын, оның заңдылығын тексеріп, нақты құжаттар мен тіркелген мекенжайын анықтап алғаны жөн. Сонымен қатар, тез әрі оңай ақша табу туралы уәделерге сенбеу керек. Қаржыны дұрыс басқара білу – тек жеке қауіпсіздіктің кепілі емес, ол бүкіл ел экономикасының тұрақтылығына да әсер етеді. Мысалы экономика ғылымдарының кандидаты А.А. Әубәкіровтың пікірінше, «қаржы пирамидалары – нарықтық қатынастарға деген сенімге сызат түсіретін, азаматтардың өмір сапасын күрт төмендететін құбылыс». Бұл құбылыс тек жеке тұлғалардың қаржылық шығынына ғана емес, сонымен қатар отбасылық ыдырауға, әлеуметтік шиеленіске, ел экономикасының баяулауына әкеп соғады.

Мінекей көптеген азаматтар өз құқықтарын білмегендіктен, алаяқтардың сөзіне тез сеніп, күмәнді жобаларға ақша салып жатады. Кей жағдайда олар өздері не істеп жатқанын толық түсінбей тұрып, бар қаражатын немесе мүлкін жоғалтып қояды. Мұндай жағдайлар әсіресе зейнеткерлер, жастар және ауыл тұрғындары арасында жиі кездеседі.

Құқықтық сауаттылық дегеніміз – адамның өз құқығы мен міндетін білуі, қандай жағдайда заңмен қорғалатынын түсінуі, және қажет кезде құқық қорғау органдарына жүгіне алуы. Егер әрбір азамат өзінің заң

алдындағы мүмкіндіктерін білсе, ол қандай да бір күмәнді жобаға қатыспас бұрын ойланар еді, әрі қажет болғанда тиісті орындарға шағымданып, өз мүддесін қорғай алар еді.

Экономика ғылымдарының кандидаты А.А. Әубәкіров атап өткендей, «қаржы пирамидалары – тек азаматтардың қаржысын емес, олардың заңға, мемлекетке және нарыққа деген сенімін де жояды». Ал заңгер-ғалым Д.Р. Досановтың пікірінше, «мұндай алаяқтық жүйелер тек қана жеке адамдарды емес, тұтас қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіреді, себебі ол халықтың психологиялық әлсіздігін пайдаланады».

Мемлекет бұл мәселеге бейжай қарамай, халықтың құқықтық мәдениетін көтеру үшін түрлі шаралар атқарып жатыр. Мәселен, Fingramota.kz платформасы арқылы азаматтарға қарапайым тілмен заң және қаржы туралы ақпараттар түсіндіріліп, түрлі видеосабақтар мен мақалалар жариялануда. Алайда бұл жеткіліксіз. Бұл білім мектеп қабырғасынан бастап оқытылуы тиіс. Әсіресе ауыл мектептерінде құқықтық және қаржылық сауаттылыққа баса назар аудару қажет.

Сауаттылық – бұл тек заңды білу емес, оны күнделікті өмірде қолдана білу. Азамат кез келген келісімшартқа қол қоймас бұрын оны оқып шығуы керек, белгісіз біреудің сөзіне сеніп, ақшасын аударып жібермеуі тиіс. Мұндай әрекеттер қарапайым сақтық шараларынан басталады. Егер халық осыны ескерсе, қаржы пирамидаларына алданып қалу жағдайлары азаяр еді.

Сондықтан құқықтық сауаттылықты арттыру – тек мемлекеттің емес, әр адамның жеке жауапкершілігі. Бұл – қоғамның қауіпсіздігіне қосылған үлес. Қаржылық және құқықтық жағынан сауатты адамды алдау қиын. Ал сауатты қоғам – алаяқтыққа қарсы ең күшті қару.

**Қортындылай келе** қаржылық сауаттылықтың аса маңызды екенін анықтадық, яғни кез келген құжатқа қол қоя отырып, сіз онда жазылғанның бәріне толық келісесіз. Шартқа қол қоя отырып, сіз барлық міндеттемелерді өз мойныңызға аласыз. Ақша істеріндегі ұқыпсыздықтың алдын ала болжанбайтын және әрқашан сәтті бола бермейтін салдарлары

болуы мүмкін. Мұндай мәселелерге ешқашан асықпау керек. Кез келген шартты мұқият оқып шығу, барлық талаптармен танысу, қаржылық қызметтерді тұтынушы ретінде шартта сіздің құқықтарыңыз бен мүдделеріңіз қаншалықты қорғалғанын, онда қандай міндеттемелер жазылғанын, қандай тәуекелдер бар екенін талдау қажет.

Менің зерттеуімше, ұсынылып отырған шаралар халықаралық тәжірибені ескере отырып, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде халықтың алаяқтық схемалар мен қаржылық пирамидаларға тартылу деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл шаралардың басты мақсаты – адамдарды алаяқтарға өз бетінше қарсы тұра алатындай біліммен қаруландыру және оларға заңсыз баюға мүмкіндік бермеу.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы  
[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000\\_](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_)
2. MVD: v proshlom godu zhertvami finansovyh piramid stali bolee 31 tys. grazhdan, ushcherb – bolee 54mlrdtenge. Available at:  
<https://ortcom.kz/ru/novosti/1649826570> (accessed: 14.06.2022).
3. Svyshe 21 tys. faktov internet-moshennichestva zaregistrirovano v 2021 godu. Available at:  
<https://inbusiness.kz/ru/last/svyshe-21-tys-faktov-internet-moshennichestva-zaregistrirovano-v-2021-godu> (accessed: 16.06.2022).
4. <https://aqtobegazeti.kz/?p=113946>
5. <https://aqtobegazeti.kz/?p=113946>
6. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2000000338>
7. Medikov E.V., Rostokinskij A.V. Mezhdunarodnye aspekty bor'by s finansovymi piramidami, *Obrazovanie i pravo*, 1, 155-159 (2021). doi: 10.24411/2076-1503-2021-10123. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnye-aspekty-borby-s-finansovymi-piramidami>. [in Russian]. (accessed: 01.06.2022).

8. *Medikov E.V., Rostokinskij A.V. Mezhdunarodnye aspekty bor'by s finansovymi piramidami, Obrazovanie i pravo, 1, 155-159 (2021). doi: 10.24411/2076-1503-202110123. Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/mezhdunarodnye-aspekty-borby-s-finansovymi-piramidami>. [in Russian]. (accessed: 01.06.2022).*

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.